

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ**

24 мамыр 2017 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) мүшелері:

- 1) Донских Алевтина Александровна, Кеңес төрағасының орынбасары/м.а.;
- 2) Алехова Александра Александровна;
- 3) Атоянц Базилина Геннадиевна;
- 4) Ахшабаева Наталья Тохтарқызы;
- 5) Байтеев Алексей Николаевич;
- 6) Видянова Анна Владимировна;
- 7) Дамитов Қадыржан Қабдошұлы;
- 8) Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы;
- 9) Игібаев Ержан Мінімханұлы;
- 10) Кожухова Светлана Владимировна;
- 10) Ильичева Жанна Сендерисовна;
- 11) Ледовских Ирина Александровна;
- 12) Нұров Мархаббат Мешітбекұлы;
- 13) Своик Петр Владимирович;
- 14) Сейпульник Евгений Валерьевич;
- 15) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Молдабекова Алия Мейірбекқызы, монетарлық операциялар департаментінің директоры;
- 2) Терентьев Александр Леонидович, қаржылық қызмет және сыртқы байланыс тұтынушыларының құқығын қорғау басқармасының бастығы;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Наурызбаева Нұрбүбі Серікқажықызы, БЖЗҚ Басқарма төрайымы;
- 2) Егеубаева Сауле Аскарвна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Төлегенова жанар Қорғанбекқызы, БЖЗҚ басқарушы директоры;
- 4) Фазылова Камиля Нұрланқызы, стратегиялық талдау және даму басқармасының бастығы;
- 5) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ баспасөз орталығының жетекшісі, Кеңес хатшысы.

Отырысқа (оны өткізудің басында) Кеңестің 23 мүшесінің 15-сі (шығып кеткендер есебімен) (65 %) қатысты. Кеңес туралы Ереженің 38-тармағында айқындалған отырыс қворумы бар.

Кеңес төрағасының орынбасары/м.а. Алевтина Донских отырысты ашып, отырыстың күн тәртібі жобасын жария етті.

Кеңес мүшесі Петр Своик бұрын Кеңес мүшелеріне жіберілген, күн тәртібіндегі жобаға қатысты өз ұсыныстарын еске салды. Кеңес мүшелері оның ұсынысын қабылдамады және күн тәртібі ұсынылған түрде қабылданды.

Алевтина Донских, төрағаның орынбасары/Кеңес төрағасының м. а., күн тәртібінің алғашқы екі мәселесін қарау кезінде залда БАҚ өкілдері болатыны туралы ескертті.

КҮН ТӘРТІБІ

- 1) Ұлттық Банктің Әзірбайжан халықаралық банкіне инвестицияларға қатысты Қоғамдық кеңестің 17.05.2017 ж. сұрау салуы бойынша ақпаратын тыңдау;
- 2) Қоғамдық Кеңестің сұрау салуы бойынша Ұлттық Банктің 16.05.2017 ж. жауаптарын талқылау;
- 3) Қоғамдық кеңес төрағасын сайлау;
- 4) ағымдағы қызмет бойынша бірінші жұмыс тобы басшысының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар дайындау бойынша топтың атқарған жұмысы туралы ақпараты/есебі;
- 5) «БЖЗҚ» АҚ-ның www.enpf.kz сайтында инвестициялық қызмет бойынша мәліметтер беруге қатысты қосымша мүмкіндіктері туралы ақпараты;
- 6) Әртүрлі. Қоғамдық кеңеске келіп түскен ұсыныстарды талқылау, Қоғамдық Кеңестің отырыстарына қатысу мәселелері және басқалары.

ҚАРАЛДЫ

Отырыстың күн тәртібінің 1-мәселесі бойынша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова сөз сөйледі. БЖЗҚ жанындағы ҚК-тің 2017 жылғы 17 мамырдағы Әзірбайжан Халықаралық банкіне (ӘХБ) инвестицияларға қатысты сұранысына жауап Презентация түрінде берілді. Әлия Молдабекованың айтуынша, зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде ӘХБ тарапынан қандай да бір қателіктерге жол берілген жоқ. ӘХБ-ның еурооблигациялары 2014 жылдың қазан айындағы инвестициялауды жүргізген сәтте ВВВ рейтингіне ие болған, Ұлттық Банк те осы себептен келісімге келген. Инвестициялау жүзеге асырылған сәтте ӘХБ-ның негізгі акционері акциялардың 50% -дан астамы тиесілі Әзірбайжанның Қаржы министрлігі болды.

Бұдан бөлек, БЖЗҚ активтерін ӘХБ-ға инвестициялау туралы мәселені ҚР ҰБ-тың инвестициялық кеңесінің барлық мүшелері қолдап, бір ауыздан дауыс берген. Банктің позициясының нашарлауы 2015 жылы мұнай бағасының төмендеуі аясында орын алды, ал 2016 жылы Әзірбайжан Қаржы министрлігінің ӘХБ-ға қатысу үлесі 92%-ды құрады. ҚР Ұлттық Банкі 2016 жылдан бастап Әзірбайжан тарапымен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы белсенді келіссөздер жүргізді, алайда ұсыныс қабылданбады.

Сондай-ақ Әлия Молдабекова 23 мамырда Лондонда ӘХБ шетелдік несие берушілермен кездесу өткізгенін, онда ол қайта құрылымдаудың, соның ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтері үшін 3 нұсқасын ұсынғанын хабарлады.

1) ӘХБ-ның БЖЗҚ алдындағы 250 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелерін Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 200 млн. доллар көлеміндегі берешегі түріне 12 жыл (2029 жылға дейін) айналыс мерзімімен және жылдық 5,125% купондық сыйақы мөлшерлемесімен айырбастау.

2) ӘХБ-ның БЖЗҚ алдындағы 250 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелерін Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 250 млн. доллар көлеміндегі берешегі түріне 15 жыл (2032 жылға дейін) айналыс мерзімімен және жылдық 3,5% купондық сыйақы мөлшерлемесімен айырбастау.

3) ӘХБ-ның БЖЗҚ алдындағы 250 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелерін Әзірбайжан Халықаралық Банкінің 250 млн. АҚШ долларындағы жаңа

шығарылым облигацияларына 7 жыл (2024 жылға дейін) айналыс мерзімімен және жылдық 3,5% купондық сыйақы мөлшерлемесімен айырбастау.

Қазіргі уақытта ҚР ҰБ ӘХБ-мен жасалған келісімшарт бойынша ішкі тергеу жұмыстарын жүргізуде. Оның нәтижесі бойынша анықталған материалдар құқық қорғау органдарына берілуі мүмкін. Кеңес мүшелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметін назарларына алды.

Отырыстың күн тәртібінің 2-мәселесі бойынша

Екінші мәселе бойынша Алевтина Донских Кеңес БЖЗҚ жанындағы ҚК өтініші бойынша Ұлттық банктің 2017 жылғы 16 мамырдағы жауабын алғанын айтты. Қоғамдық кеңес мүшелеріне Әлия Молдабекова Ұлттық банктің 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2017 жылдың өткен кезеңіне дейінгі БЖЗҚ активтерін инвестициялау туралы есебін таныстырды. Инвестициялық портфельдің құрылымы, сондай-ақ оның өзгеру динамикасы ұсынылды.

Ұлттық банк өкілдері инвестициялық талдау барысында 2014-2015 ж.ж. ӘХБ-ға инвестициялардан басқа жеке инвестициялық орналастырулар жасалмағаны анықталғанын атап өтті. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін инвестициялау елдің шешім қабылдаудың көп сатылы жүйесіне ие Ұлттық қорын басқарумен бірдей дәрежеге жетті.

Қаржылық қызметтер мен сыртқы байланыстарды тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының бастығы Александр Терентьев ҚРҰБ-тың алдағы уақытта да барлық қажетті ақпаратты жедел ұсына отырып, Кеңеспен белсенді ынтымақтастықта болуға дайын екеніне сендірді.

Кеңес мүшелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпаратын назарға алды және Ұлттық Банктен тәуекелдерді басқару саясатын оны БЖЗҚ сайтында орналастырулары ықтимал екенін ескере отырып сұрады.

Отырыстың күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша

Төраға орынбасары /Кеңес төрағасының м. а. Алевтина Донских Досым Сәтбаевтың өкілеттігін тоқтатуына орай ҚК төрағасын сайлау керек екенін айтты.

Кеңес мүшесі Петр Своик басқа кандидатураларды қарастырмай-ақ ҚК төрағасының м.а. Донских Алевтинаның кандидатурасын қарастыру туралы ұсыныс жасады. Алевтина Донских ағымдағы жұмыс орны бойынша жұмысының үлкен көлеміне байланысты ол Төрағаның міндетін толық көлемде атқара алмайтынын атап өтті.

Талқылау барысында Азамат Жолдасбековтың және Ирина Ледовскихтың кандидатуралары ұсынылды, олар бас тартты.

Кеңес мүшесі Жұмагүл Тәжібекова отырыстарға тұрақты қатысатын және ҚК белсенді мүшесі ретінде үнемі қызықты ұсыныстар жасап отыратын Евгений Сейпульниктің кандидатурасын ұсынды.

Талқылау нәтижесінде ҚК төрағасы лауазымына төмендегі кандидатуралар ұсынылды:

- 1) Алевтина Донских,
- 2) Евгений Сейпульник.

Дауыс беру кезінде Кеңес мүшесі Мархаббат Нұров жеке бас жағдайларына байланысты отырыстан кетіп қалды. Оның жоқтығын ескере отырып, дауыс беруге Кеңес мүшелерінің жұмыс істеп отырған 23 мүшесінен 14 адам (60 %) қатысты. Кеңес туралы Ереженің 38-тармағында айқындалған отырыс кворумы сақталады.

Евгений Сейпульник пен Алевтина Донских дауыс беруге қатысқан жоқ.
Сейпульник Евгенийдің кандидатурасына дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 9.

«Қарсы» – 3.

Дауыс беру қорытындысы бойынша, отырысқа қатысушылардың көпшілік даусына (75%) ие болу нәтижесімен ҚК төрағасы болып Евгений Сейпульник тағайындалды.

Отырысты одан әрі Қоғамдық кеңестің жаңа төрағасы Евгений Сейпульник жүргізді.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

Бірінші жұмыс тобының басшысы Азамат Жолдасбеков жұмыс тобының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша әзірлеген бірқатар ұсыныстарын жариялады:

- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша шешім қабылдау жүйесі;
- БЖЗҚ ұйымдастыру және корпоративтік басқару жүйелері бойынша;
- БЖЗҚ қызметін қаржыландыру бойынша;
- Зейнетақы жарналары бойынша;
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін ЗАБК инвестициялық басқаруына беру бойынша;
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша;
- ҚҰБ және ЗАБК инвестициялық қызметін бақылау бойынша;
- Қоғамдық кеңестің ағымдағы қызметі бойынша.

Кеңес мүшелері Петр Своик, Қадыржан Дамитов жұмыс тобының жекелеген ұсыныстары мұқият зерделеуді және пысықтауды талап ететінін ескертті. Оларды «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрайымы Нұрбүбі Наурызбаева қолдады. Атап айтқанда, ол «БЖЗҚ» АҚ корпоративтік басқаруына қатысты ұсыныстарды мұқият қарап шығуды ұсынды, себебі зейнетақы қорын басқару жауапкершілігі мәселесі нақты реттелуі керек.

Жұмыс тобының ұсыныстарын назарға алу ұсынылды. Кеңес мүшелері алдағы жеті күн ішінде осы ұсыныстарға өз түсініктемелерін беру керек. Қажет болған жағдайда кеңес мүшелерімен және БЖЗҚ басшылығыменосы мәселе бойынша талқылау отырыстары өткізілетін болады, одан кейін топтың ұсыныстары ҚК-ның келесі отырысына шығарылатын болады.

Бұл ұсыныс дауыс беруге қойылды.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 14.

«Қарсы» – 0.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

Отырыстың күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық талдау және даму басқармасының бастығы Камиля Фазылова www.enpf.kz сайтындағы инвестициялық қызмет бойынша мәліметтерді ұсынуға қатысты жоспарланып отырған қосымша мүмкіндіктер туралы ақпаратпен таныстырды. «БЖЗҚ» АҚ басшылығы Қоғамдық кеңес мүшелерінің қордың инвестициялық қызметі туралы есептілік жүйесіне өзгерістер енгізу қажеттілігі жөніндегі ескертулерін назарда ұстапты. Инвестициялық портфельдің жай-күйі туралы ай сайынғы

есептілік қатардағы салымшыға түсініксіз, ал сарапшылар үшін, керісінше, құрамында талдау үшін қажетті бірқатар бөлімдер жоқ. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі туралы ақпарат бағалы қағаздардың түрін, елге тиесілігін, сатып алу күнін, өтеу күнін көрсете отырып және терең талдау үшін қажетті басқа да сипаттамаларымен бірге тестілік сынама режимдегі нұсқасы ұсынылды.

Кеңес мүшелері таныстырылған ақпаратпен егжей-тегжейлі танысып шығуға мүмкіндік беруді өтінді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрайымы Нұрбүбі Наурызбаева сайттың осы нұсқасына кеңінен қол жеткізу үшін Қордың деректер базасының қауіпсіздігі бойынша шектеулерді сақтау қажет екенін ескертті. Бұл шараларды БЖЗҚ мамандары ең жақын арада орындап, Кеңес мүшелері ақпаратты егжей-тегжейлі зерделей алады.

БЖЗҚ-ға ҚК мүшелері үшін сайттың инвестициялық қызмет туралы сараптама ақпарат салынған сынама нұсқасына қолжетімділік беру туралы тапсырма беру ұсынылды. ҚК мүшелері бір ай ішінде ұсыныстары мен ескертулерін жасауы тиіс.

Бұл ұсыныс дауыс беруге шығарылды.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 14.

«Қарсы» – 0.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша

Ұйымдастырушылық мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, ҚК төрағасына және ҚК төрағасының орынбасарына, жұмыс топтарының басшыларына БЖЗҚ-мен бірлесе отырып, Кеңес мүшелерінің отырыстарға қатысуына талдау жасап, кеткендердің орнына жаңа мүшелерді тарту мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Бұл ұсыныс дауыс беруге шығарылды.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 14.

«Қарсы» – 0.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

Отырыстың күн тәртібінен тыс

Кеңестің келесі отырысын 2017 жылдың 23 маусымында өткізу ұсынылды.

Кеңестің отырысқа қатысқан барлық мүшелері Кеңестің келесі отырысын өткізу туралы ұсынылған мерзіммен келісті.

ШЕШТІ

Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі ұсынған ақпарат назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі ұсынған ақпарат назарға алынсын;
2) Ұлттық Банктен Тәуекелдерді басқару саясатына оны БЖЗҚ сайтына орналастыру мүмкіндігімен сұраныс жасалсын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы болып Сейпульник Евгений Валерьевич тағайындалсын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

Бірінші жұмыс тобының ұсыныстары назарға алынсын. Кеңес мүшелері алдағы жеті күн ішінде осы ұсыныстар бойынша өз пікірлерін ұсынсын. Қажет болған жағдайда Кеңес мүшелерімен және БЖЗҚ басшылығымен талқылау отырысы өткізілсін, одан кейін топ ұсыныстары ҚК-ның келесі отырысына шығарылатын болады.

Отырыстың күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша

- 1) БЖЗҚ-ға ҚК мүшелері үшін сайттың инвестициялық қызмет туралы сараптама ақпараты бар сынама нұсқасына қолжетімділік беру тапсырылсын;
- 2) ҚК мүшелері бір ай ішінде ұсыныстары мен ескертулерін енгізісін.

Отырыстың күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша

ҚК төрағасына және ҚК төрағасының орынбасарына, жұмыс топтарының басшыларына БЖЗҚ-мен бірлесе отырып, Кеңес мүшелерінің отырыстарға қатысуына талдау жасап, кеткендердің орнына жаңа мүшелерді тарту мүмкіндігін қарастыру тапсырылсын.

Отырыстың күн тәртібінен тыс

Кеңестің келесі отырысы 2017 жылдың 23 маусымы күні өткізілсін.

Отырыс төрағасы Е. Сейпұльник

Отырыс хатшысы М. Акмаева